

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҢБАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ: ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ОЮ- ӨРНЕК БЕЛГІЛЕРІ МЕН НЫШАҢДАРЫ

Болатбек Самат

justdoitsom@gmail.com

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әлеуметтік ғылымдар факультеті,
«Мәдениеттану» мамандығының 3 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші –К.С. Ермагамбетова

Адамды таңбалар әлемі қоршап тұр десем қателеспеймін. Өріптер, күнделікті тұрмыстық заттардағы, айналадағы суреттер, геометриялық пішіндер адамның сезімі мен күнделікті болмысына және ойлау қабілетіне де әсерін тигізеді. Ю.Лотман айтқандай: «адамды қоршаған ортада кеңістікті симметрия-ассиметрия механизмі жатыр және ол психологиялық қажеттілік. Адам табиғатының әлеуметтенуі семиосфераны құрайды» [1, с.124]. Ю.Лотман бойынша мәдениет адамдардың жасаған таңбалық құралдарының көмегімен жинақталған және сақталған әлеуметтік ақпараттық әлем ретінде қарастырады. Қоршаған ортаға деген сезімін адамдар таңбалар және кодтар арқылы сипаттайды және сол арқылы ақпаратты жеткізеді. Сондықтан ол адамды қоршаған әлемді «семиосфера» деп атаған. Ендеше, адамның қолымен жасалған белгілер, ою-өрнек жүйесін «таңбалық мәдениет» атасақ қателеспейміз.

Барлық ғылыми мақалалар, саяси, әлеуметтік, мәдени, экономикалық жобалар қазақтың рухани және материалды мәдениетін жаңғырту, ұлттық кодты сақтау, ұлттық мәдени мұраны қалпына келтіру аясында жұмыс атқаруда. Ғылым және білім саласы да осы бағытта жұмыс жасауда. Ұлттық мәдениетті жаңғырту үшін оның еретдегі тарихына тереңнен бойлау керек. «Өз тарихын білген адам болашаққа нық қадам жасай алады»[2, 83 б] деген халқымның мақалы орынды айтылған.

Біздің зерттеу мақсатымыз қазақ халқының ұлттық ою-өрнегінің таңбалық және белгілік мәнін анықтау. Қазақ халқының таңбалық мәдениетінің ерекшелігін сипаттап көрсету. Қазақтың таңбалық жүйесі ұлттық код екенін дәлелдеу. Сондықтан зерттеу нысанымыз ұлттық геометриялық ою-өрнек.

Күнделікті тұрмыстық заттардан (киім, ыдыс, төсек жабдықтары және т.б.) бастап мемлекеттік нысандардың (ту, елтаңба, ғимараттар және т.б) барлығы ою-өрнектермен безендірілген.

Ою-өрнек туралы зерттеулер және түсініктемелер көп: өрнек тарихи-мәдени стилі бар таңбалық ойдың мәдени салт-жоралғысы [3, с.278], өрнек уақыттың, кеңістіктің, мәдениеттің стильдік ерекшелігін сипаттайтын мифтер мен артефактардың мәдени екіпіні [4, с.255]. Алайда, ою-өрнек таңбалық жүйе ретінде, ұлтты ерекшелейтін мәдени белгі ретінде, бейнелеу және сәндік қолданбалы өнердің құралы ретінде, күнделікті тұрмыс бейнесі ретінде, құпияға толы тылсым әлем ретінде, ақпарат таратушы құрал ретінде зерттеушілердің қызығушылығын тудыратыны шындық.


Анықтамасына келетін болсақ, википедия бойынша «ою-өрнек» (лат. ornamentum – әсемдеу, сәндеу) – әр түрлі заттарды (үй-іші мүліктері, тоқыма бұйымдар, еңбек құралдары, қару-жарақ), архитектуралық ғимараттарды әшекейлеуге арналған, жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын әрі үйлесімділікке құрылған өрнек-нақыштар [5].

Қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалардан қалған өнері негізінде қалыптасқан таңбалар белгісі ою-өрнек ретінде жүйелі қалыптасып, өнердің жаңа бағыттары мен түрлерінің қалыптасуына септігін тигізді. Тарихи деректер бойынша, қазақ халқының

алғашқы ою-өрнек үлгілері Андронов мәдениеті мен ертедегі сақ, ғұн мұраларынан геометриялық, зооморфтық, өсімдіктік, аспан денелері және қиял-ғажайып өрнектер түрінде қалыптасқан. Халықтың табиғатпен байланысын сипаттап қана қоймай, оның сезімін де өрнектер арқылы байқауға болады. Өрнек түрлері және тұрмыстағы қолданысы өз орнымен болған.

Өртүрлі деректемелерге сүйенетін болсақ қазақтың ою-өрнектерінің 200-ден астам түрлері бар. алайда, зерттеуші С. Қасиманов қазақтың ұлттық ою-өрнегін 8 топқа бөледі:

- Астрономиялық бейнелер: күн, ай, жұлдыз (сурет 1);
- Жануарлар бейнесі: мүйіз, өркеш, тіс, тұяқ (сурет 2);
- Аң аулау бейнесі;
- Жәндіктер бейнесі (сурет 3);
- Құстар бейнесі: қанаты, тұмсығы (сурет 4);
- Табиғат бейнесі: су, гүл, ағаш, жапырақ, жер (сурет 5);
- Шаруашылықта қолданатын бейнелер: балта, омыртқа, шара (сурет 6);
- Геометриялық өрнектер: шеңбер, ұшбұрыш, түзу, сызық (сурет 7) [6, 15 б].



Сурет 1. Астрономиялық өрнектер




Сурет 2. Қошқар мүйіз



Сурет 3. Көбелек



Сурет 4. Құстұмсық



Сурет 5. Гүл




Сурет 6. Балта оюы



Сурет 7. Геометриялық ою

Тарихи деректемелерде берілген мифологиялық немесе қиялы-ғажайып өрнектерді бұл тізімнің қасына қосқымыз келеді. Қазақтың архитетуралық, бейнелеу өнерінде мифологиялық кейіпкерлер, пішіндер жиі кездеседі. Бұл еретедегі халқтың өзге әлем, тылсым әлем туралы көзқарастарының бейнесі болып саналады (сурет 8).



Сурет 8. Мифологиялық және магиялық сипаттағы өрнектер

Суреттерден байқасақ, қазақ халқы ою-өрнекке үлкен мән берген. Тұрмыстық заттарда жиі кездесетін ою-өрнек түрлері: қошқар мүйіз, құс таңдай, түйе табан, үш жапырақты, бес жапырақты, т.б. Ою-өрнектің геометриялық элементтері шаршы, ромбы, жұлдызша түрінде), сондай-ақ, көкөніс өрнектері (гүл, жапырақ, бұтақ түрінде) ағаш ұқсатуда, әсіресе үй жиһазы мен ыдыс-аяқтарда, музыка аспаптары мен аңшылық қару-құралдарында сақталып қалды.

Халық ою-өрнегінің сан алуан түрлері әйел әшекейлерінде (сақина, сырға, бойтұмар, білезік) кездеседі. Ал сәулет өнерінде зооморфтық пен көкөніс өрнектері (сыңар мүйіз, құсмойын, түлкі бас, арқар мүйіз, т.б.) басым болады.

Зерттеуші З.Мұхамеджановтың пітотамасы негізінде әрбір өрнекке жеке сипаттама беріп кетейік:

«Жұлдыз» - өрнек геометриялық сынық сызықты тұспалдайды. Жұлдыз бейнесі композицияланған ою-өрнектердің ортасында кездеседі.

«Жұлдызгүл» - бес бұрыш жасап, гүлмен өрнектеліп, бес тармақтан тұратын гүлді тұспалдайды.

«Мүйіз» - оюдың ең көне мәнері. Ол бірнеше түрге бөлінеді: «қосмүйіз» - малдың екі мүйізін бейнелейді. Кейде «ырғақ», «ілемек» деп аталтын оюларды "қосмүйіз" дейді.

«Арқармүйіз» - бұл элемент "қошқармүйізге" ұқсас, бірақ оған қарағанда шиыршықтанып, тармағы одан көбірек болып келеді.

«Сыңар мүйіз» - қошқармүйіздің бір жақ сыңарын бейнелейтін өрнек.

«Қырықмүйіз» - біріне-бірі жалғаса, тармақтала қосылған көп мүйізден тұрады.

Негізінен мүйіз бейнеленген оюлардың барлығының символдық мәні бақыт-береке, байлық, мал-жанының көбеюі.

«Төртқұлақ» - өсімдік тектес оюларға жатады. Бұл Пазырық қорғанынан табылған ең көне оюлардың бірі. Кесте өнерінде батырлар шапанының жауырынына, шалбардың тізе тұсына салынған.

«Үшжапырақ» - өсімдік тектес оюларға жатады. Ертедегі сәулет өнері ескерткіштерінде кездеседі. Ісмерлер кесте тігуде қолданып жүр.

«Түйемойын» - түйенің мойнына ұқсаған мүйіз оюына жатады.

«Ботагөз» - әшекейлі композиция ортасына салынады.

«Тіс» - малдардың, аңдардың тістеріне және шахмат тақтасына ұқсайтын ою-өрнек.

«Таңдай» - мал таңдайының бедерін бейнелеуден шыққан.

«Құсқанаты» - қанатын жайып ұшып келе жатқан құсты бейнелейді.

«Шетою» - өрнектің бір элементі шексіз қайталана береді. Сырмақ, киім-кешектердің басқа да үй жиһаздарының жиектерін кестелеуде, сәулет өнерінде қолданылады.

«Ирек», «ирексу» өрнектері бешпеттің, қамзолдың, шапан мен тақияның жиектеріне салынады.

«Гүл», «жапырақ», «қоза» өрнектері - барлық гүл түрін тұспалдайды. Бұл өрнектер қолөнердің барлық саласын қамтиды [7, 69 б].

Әрине, оюлар түрі өте көп, бірақ жоғарыда берілгендер жиі кездесетін ою-өрнектер түрі. Қазіргі таңда, күнделікті классикалық киімдерді ұлттық ою-өрнектермен безендірудің жиі кездеседі. Бұл өте мақтанатын жағдай.

Ою-өрнекті қысқа мақаламен толық зерттеп, сипаттап беру мүмкін емес, алайда таңбалық белгісін айықндадық деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде, «қазақ үшін ою-өрнектің орны қандай?» деген сұраққа жауап бергіміз келеді. Біріншіден, қазақ халқының ұлттық ою-өрнектері табиғатпен бірлікте өмір сүргенін, көшпенді өмір бейнесін сипаттайды. Екіншіден, қой қазақ үшін байлықтың, қуаттылықтың нышаны. Сондықтан қошқар мүйізбен, қой мүйізбен бай-қуаттылықтың нышаны ретінде тұрмыстық заттарды безендірген. Үшіншіден, шеңбер бейнесін жиі қолдануы, әлемнің, жердің дөңгелек екенін бейнелеген. Қазақтың көшпелі баспанасында да шаңырақтың дөңгелек болуы, әлемнің дөңгелек екенін сипаттаған. Төртіншіден, ою-өрнектер адамның эмоциясын сипаттайды. Қандайда бір көңіл-күйді музыкалық аспаппен ғана емес, ою-өрнек арқылы да жеткізген.

Ою-өрнек бейнелеу өнерінің құралы ғана емес, халықтың өмір сүру сипаттайтын, белгі мен нышанға толы таңбалық мәдениеттің ядросы. Ою-өрнек халықтың мәдениетін сипаттайтын мәдени код деген тұжырым жасаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лотман Ю. К проблеме пространственной семиотики// Об искусстве. Журнал. – СПб., 2005 – С.444
2. Мақал-мәтелдер. – Алматы, 2009. – 203 с.
3. Привалова В.М. Семантика орнамента в семиотике культуры(Антропологическая проекция ритуала в геометрическом объекте).// Известия Самарского научного центра Российской академии наук. Т. 12., №5. – 2010. -
4. Привалова В.М. Орнаментальная культура. Аналитический обзор символов и знаков геометрического орнамента в антропологической картине мира.//Известия Самарского научного центра Российской академии наук. Т. 12., №3. – 2010. –
5. Ою-өрнек. Қолжетімділік тәртібі: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%8E-%D3%A9%D1%80%D0%BD%D0%B5%D0%BA> (13.03.2020)
6. Касиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1995. – 261 б.
7. Мұхамеджанұлы З. Қазақтың кесте өнері. Танымдық-көпшілік басылым. "Алматыкітап баспасы" ЖШС, 2008 - 144 бет